Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Балнұр» б/б
Топ: «Болашақ»тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері				**Бейсенбі 01.09.2022**	**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
					Білім күні туралы әңгімелесу, кітаптар қарау. **Мақсаты:** балалардың 1-ші қыркүйек білім күні туралы түсініктерін қалыптастыру. *(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)*
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру**				
					Үстел үсті ойыны «Жоғалған зат» картотека №1 Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын

					ақырындап өсіруге болады. *(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік-танымдық қызмет)* **Балалармен жеке жұмыс:** Дәуіржанға аяқ киімін киіп, шешуді үйрету. **Еңбек әрекеті:** Үстел үстіндегі ойыншықтарды жинау.
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА №1 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады)** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін«ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас					**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
					Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					
					«Менің сүйікті балабақшам» суретпен жұмыс. Балабақша туралы әңгімелесу, балабақша қызметкерлерімен таныстыру. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, е, і, ү) дыбыстарды айта білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)*** Топтық жұмыс: «Менің тобым» Әр бала таңдауы бойынша таңдауы топтағы заттардың суретін салу, жапсыру,

					мүсіндеу, заттардың түстерін атау. ***(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, математика негіздері – шығармашылық, танымдық қызмет)*** Конструктордан балабақша ауласын құрастыру ***(құрастыру-танымдық қызмет)*** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Қазақ тілі - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен					**Серуен** **Бақылау: Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.

					(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет-әлеуметтік, коммуникативті қызмет) **Еңбек:** Учаскедегі шашылған жапырақтарды жинату. **Мақсаты**: Еңбекке баулу. (еңбек қызметі) **Көркем әдебиет бойынша көркем сөз:** «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша, Құлпыра қалды тау жақта. Қара бұлтты жел қуып Жөнеп берді аулаққа. *(көркем сөз-коммуникативті қызмет)* **Қимылды ойындар. К-№2** «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Еркін ойындар
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбардышешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз.***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).***				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)				

	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) **«Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз».** (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Әлди** **Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, әлди-ай, Балалар ұйықтап жатыр. Төменгі төсекке, Балалар тыныш ұйықтайды, Мен ән саламын! **(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз.**(дене белсенділігі).** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады.

	Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** Өзімдіжақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті					**Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада»** **Мақсаты:** тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. ***(сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)*** **«Ғажайып бояу» эксперименттік қызметі** **Мақсаты:**жаңа түстерді енгізу арқылы түс туралы түсініктерді кеңейту ***(эксперименттік қызмет)***
Балалармен жеке жұмыс					**«Ойыншық туралы әңгіме»** **Мақсаты:** сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)* Амина-жапсыру, Элина-жеке жұмыс Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімніңоң киілуіне баса назар аудару керек.				

	(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен					**Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті) **К-№ 4** **«Қасқырлар мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				
					Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Балнұр» б/б
Топ: «Болашақ»тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 04.09.2023**	**Сейсенбі 05.09.2023**	**Сәрсенбі 06.09.2023**	**Бейсенбі 07.09.2023**	**Жұма 08.09.2023**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
	«Қай ертегіден біліңіз?» **Мақсаты:** ертегілер мен олардың кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту, әр ертегі кейіпкерін сипаттай білу**.** *(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет)*	Балабақша туралы өлең оқу. **Мақсаты:** балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру. *(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)*	«Дәл сондай пішінді тап» **Мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін кеңейту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. *(математика негіздері-танымдық қызмет)*	«Адам қандай болуы керек?» атты балалармен әңгіме **Мақсаты:** балалардың жеке басының кейбір қасиеттері туралы білімдерін бекіту (мейірімділік, өзара құрмет, адалдық) *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)*	Күз туралы өлең оқу **Мақсаты:** өлеңнің мазмұнын түсінуге, оның сипатын сезінуге үйрету. *(сөйлеуді дамыту, көркем.әдебиет-коммуникативтік қызмет)*
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-	**Үстел үсті ойыны: «Сөздер тізбегі»** К № 3 **Ойын барысы:** Балалар шеңберге отырғызылады. Бірінші бала кез-келген бір заттың атын атайды. **Мысалы:**«ірімшік	**Үстел үсті ойыны: «Есте сақта және тап»** К- № 4 **Ойын барысы:** 3-4 картинада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас	**Үстел үсті ойыны: «Шатаспай есте сақта»** К № 5 **Ойын барысы:** Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.)	**Үстел үсті ойыны: «Қиял арқылы сөздерді есте сақтау»** К № 6 **Ойын барысы:** Балаларды логикалық байланысы жоқ сөздерді есте сақтауға үйретеміз. Сөздер: ағаш, үстел, буғыш, себет, тарақ, сабын, кірпі, өшіргіш,	**Үстел үсті ойыны: «Кезек»** К № 7 Ойын барысы: Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. **Мысалы:** тіс дәрігеріне, шаштаразға.

әрекеттер)	». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да, өзі бір сөз қосып айтады. Осылайша жалғаса береді. Әрбір келесі ойыншы алдында айтылған барлық сөзді ретімен атап шығады да, өзінің сөзін қосып отырады. Кім шатасады, сол ойыншы ойыннан шығады. Ал ең соңында қалған оқушы жеңімпаз атанады. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)*	суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды сандар мен әріптерден де жасауға болады. Ол үшін арнайы әріптер мен сандар кассасын пайдалануға болады. *(математика негіздер ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)*	Психолог: «Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой», — деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Бала алдындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала психолог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыра-тын суретті алып, есінде сақтауы қажет. **Мысалы:** өрт, зауыт, сиыр, орындық, әке, отыру, мейірімділік т.б. *(сөйлеуді дамыту-коммуникатив-тік қызмет)* .	кітап, күн. Осы сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыру қажет. «Көз алдарында әдемі жасыл ағаш өсіп тұр деп елестетіңдер. Ол тақтаға қарай өсе бастады, тақтадан төмен қарай аяқтары түсті, сонымен үстел пайда болды. Үстелге жақындай қарадық, үстелдің үстінен төмен қарай аққан шалшық су көрдік. Ол үлкен өзенге айналды. Өзеннің ортасында ожау пайда болды, одан ол себетке айналып кетті. Одан кейін себет жағаға ұшып кетті. Оған жақындап себеттің бір жағын сындырсаңыз, тарақ пайда болды. Оны қолыңызға алып шашыңызды тарай бастадыңыз, содан кейін басыңызды сабынмен жудыңыз. Сабын көпіршіктері ағып, кірпідей үрпиіп шашың қалды. Сізге өте ыңғайсыз, буғышты алып шашыңызды жинадыңыз. Буғыш буғанға шыдамай үзіліп жерге түсті. Жерге түскенде төңкеріліп, кітапқа айналып кетті.	Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалаардың орнын ауыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз. *(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік-танымдық қызмет)*

				Кітап бетін ашсаңыз оның ішінен көзіңізге шағылысып күн түсті. Алдымен балалар біздің құраған әңгімені елестетуге тырыссын, содан кейін өздері (басқа сөздерді пайдаланып) құрап бір-біріне айтып дағдылансын. Қорытынды бөлімде біз сөздер тізбегін оқимыз, ал олар өз беттерімен байланыс құра отырып, тізбектеп айтылғандарды есте сақтайды. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативті , қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік-танымдық қызмет)*	
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА № 2 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғыасалдындақолдарынжуу, қолдысүртужәнеорамалдыорнынаілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең.	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет,*	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған*	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаға ортамен танысу-коммуникативті,*	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамы Таза болды мұнтаздай

	Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	*қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	*ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	*танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен *(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)*	**Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне	**Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»** Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балақ үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады)	**Саусақ жаттығуы: «Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі.	**Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру»** - Рахмет сағаң, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет сағаң, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет сағаң, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет сағаң,

		тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). *(танымдық және коммуникативтік қызмет)*	*(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)*	*(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызме*	аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) *(сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)*
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** Шеңбер құрып сапқа тұру. Сапқа тұрып берілген белгі бойынша тоқтап, бір қатармен жаяу жүру. Сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз ісәрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу. Зейінін дамыту, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, жинақылыққа тәрбиелеу,	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** Сапқа бір қатар болып тұру, сапта бір қатармен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтапқуыршақты қолда ұстап, баспалдақпен төбешікке (горка) көтерілу, тұтқаларынан ұстамай, төмен қарай отырып сырғанау. **Қимылды ойын:**«Күлше нан». **Мақсаты**: шеңбер бойына сапқа тұруға жаттықтыру, шеңберді айнала жүруге, ойын ережелерін орындауға үйрету. Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:**Екі аяқпен секіру(аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Шеңбер бойына сапқа тұрып жаяу жүру. екі аяқпен секіруге үйрету (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп, екі аяқпен серпіле секіру. Бір қарқынды сақтай отыра шеңбер бойымен жүре білуді бекіту. Жаттығу жасау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру. Үйлестіру қабілетін дамыту, қарқынды сақтау, педагогтің нұсқауымен іс-әрекетті жылдамдата және баяулата орындай білу, мейірімділікке,	

		спортзалда өтетін жаттығуларға сергек көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру. **Қимылды ойын:**«Ең жылдам». **Мақсаты:**Тікелей бағытта жүгіруге үйрету, жылдамдықты дамыту. **Қазақ тілі** **Менің балабақшам** Балаларды өз балабақшалары туралы қазақша айта білуге үйрету. Қимыл әрекеттерді білдіретін сөздерментаныстыру. (кел, отыр, бар, тұр, ал, әкел) **«Менің балабақшам» постері** **Сюжетті-рөлдік ойын«Балабақша»**		ымырашылдыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Қияр». **Мақсаты:**жүгіру кезінде жалтарып кете білуге жаттықтыру, ойын ережелерін сақтай білуді дамыту.	
	«Бауырсақ» ертегісі (суретпен жұмыс). «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсіру. Дағдыларды қалыптастыру: дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)	**«Балабақшадағы менің тобым»** суретпен жұмыс. Балабақша және ондағы топ туралы әңгімелесу, топтағы бұрыштармен таныстыру. Дағдыларды қалыптастыру:	**Пішіндер туралы Ертегі (көрініс)** **Мақсаты:** пішіндермен таныстыруды жалғастыру. Сөздік жаттығулар *(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері – коммуникативті,*	**«Менің айналамдағы адамдар» суретпен жұмыс.** **Мақсаты:** бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру. Балаларды өз, бейтаныс,	**«Апта күндері» «Туған күнге дейінгі апта» әңгіме** Таңертең оянған Дамира күнтізбе парағын аударып, бір аптадан кейін оның туған күні бар екенін түсінді! Ол, оны бір жыл күтті, ал көптен

	дыбыстарды айта білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)*** Топтық жұмыс: «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін бояу, «Бауырсақты» мүсіндеу, ***(сурет салу, мүсіндеу, математика негіздері – шығармашылық, қызмет)*** Конструктордан еркін тақырыпта құрастыру ***(құрастыру-танымдық қызмет)***	Дауысты, дауыссыз (а, о, і, ң) дыбыстарды айта білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)*** **Топтық жұмыс: «Менің тобым»** Әр бала таңдауы бойынша таңдауы топтағы заттардың суретін салу, жапсыру, мүсіндеу, заттардың түстерін атау. ***(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, математика негіздері – шығармашылық, танымдық қызмет)*** Конструктордан балабақша ауласын құрастыру ***(құрастыру-танымдық қызмет)*** Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.	*танымдық қызмет)* **Дидактикалық ойын: «Пішініне қарай топтастыр»** **Мақсаты:** заттарды пішініне қарай топтастыруға үйрету. *(математика негіздері, -танымдық қызмет)* **Қимылды ойын: «Кім баяу»** **Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын	таныс адамдарды ажырата білуге үйрету. Дауысты, дауыссыз (а, о, і, ң, ғ) дыбыстарды айта білуге үйрету. **«Мысық, тауық және түлкі» ертегісі бойынша суретпен жұмыс** Тәрбиеші балаларға «Түлкі тауықты қалай ұрлап кетті?» деп ой тастау арқылы, әңгіме құрайды. **Телефонмен ойын: «Алло! Үйде кім бар? »** Тәрбиеші: "Алло! Үйде кім бар?", телефонды балаға береді. Бала өз отбасы мүшелерін атайды. *(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем сөз– коммуникативті, танымдық қызмет)* **«Достық ағашы»** *(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. -коммуникативті, шығармашылық қызмет)*	күткен мерекеге дейін бір апта қалды! Шындығында, Дамира мұның көп немесе аз екенін білмеді. Бірақ менің жүрегімде бір апта ішінде бәрін жасау үшін мерекеге шұғыл дайындалу керек екенін сезіндім! Туған күн жексенбі күні, бірақ ол алыс емес! **«Дамираға өзін ретке келтіруге көмектес» дидактикалық ойыны.** Мақсаты: апта күндеріне орай Дамираға арналған заттарды ретімен жинау. (ас үйге не апару керек, үстелге не қою керек т.б.) Сөздік жаттығу. *(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем сөз– коммуникативті, танымдық қызмет)* **«Дамираның туған күніне арналған сыйлық»** *(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. -коммуникативті, шығармашылық қызмет)*

			айтады. ***(дене шынықтыру-денсаулық қызметі)*** **«Мен тұратын қаланың көшелеріндегі геометриялық пішіндерден жасалған үйлер»** (топтық жұмыс) (сурет салу, жапсыру, мүсіндеуқұрастыру – танымдық қызмет)		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтар, дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) **«Біз киініп үйренеміз» әңгіме** **Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) **«Дұрыс-бұрыс» ойыны** Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Қазақ тілі - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	**Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. ***(қоршаған***	**Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Жапырақтардың	**Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету.	**Жерге түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы айту. Олардың	**Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту.

	ортамен танысу-әлеуметтік қызмет) **Көркем сөз**: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тоңдың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орныңда? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып, Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын ***(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)*** **Еңбек**: Құстарға жем шашу. **Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) **Балалармен жеке жұмыс:** балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу. **Қимылды ойын**. К-№ 3 «Ақ қоян» *(дене қозғалысы)*	ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. ***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)*** **Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. **Мақсаты:** еңбекке баулу. *(еңбек қызметі)* **Көркем сөз:** Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?» (көркем әдебиет-әлеуметтік қызмет) **Қимылды ойын**. К-№4 «Қасқырлар мен лақтар» *(дене қоғалысы)* Еңбек әрекеті	Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. ***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)*** **Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек қызметі) **Жұмбақ:** Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) (көркем әдебиет-коммуникативті қызмет) Жеке жұмыс: «Күз» тақпағын қайталап айту **Қимылды ойын**. К-№5 «Жапалақтар» (дене қозғалысы) Еркін ойын	түстерін атауға үйрету. ***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)*** **Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтарды тазалау. Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. (еңбек қызметі) **Балалармен жеке жұмыс**: Балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен (жеміс) Жер бетінде шашы бар Жер астында басы бар (сәбіз) *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)* **Қимылды ойын**. К-№ 6 «Күн мен жаңбыр» (дене қозғалысы) Еркін ойын	*(қоршаған ортамен танысу- әлеуметтік қызмет)* **Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. **Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(еңбек қызметі)** **Көркем сөз:** Тақпақ оқу «Желді күн» (Ж. Смақов) Гу-гу,гу-гу шықты Желдеттіде бұлт куды Жел соққан соң Жел тіпті Жын соққандай жұлқынды *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)* **Қимылдыойын**. К-№ 7 «Күн мен түн» (дене қозғалысы) Еркін ойын

	Еркін ойын				
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау** Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз. - Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).***				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту).** Ертегі оқып беру. **(көркем қызмет)** **Әлди** **Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. **(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен**				

сауықтыру шаралары	**өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).** Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. **(дене белсенділігі).** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** Өзімді жақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Дидактикалық ойын:** «Не артық?» К-№ 4 **Мақсаты:** суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Тәрбиеші балаларға үш қатар суреттері бар бетшелерді ұсынады. Әр қатардағы бейнеленген заттарды сипатына қарай мұқият қарап, басқаларынан өзгеше біреуін табуын өтінеді. Осылайша әр	**Сюжетті-рөлдік ойын: № 1 «Балабақша»** **Мақсаты:** балаларға балабақшақызметкерлері туралы, олардың қызметтері туралы түсінік беру. Үлкендердің қызметіне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу. **(*сөйлеуді дамыту – ойын, әлеуметтік және коммуникативтік қызмет)***	**Дидактикалық ойын: «Артығын тап» К №5** **Мақсаты:** Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. **(*сөйлеуді дамыту – коммуникативтік қызмет)***	**Сюжетті-рөлді ойын:«Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі»** **Мақсаты:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. ***(сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)***	**Дидактикалық ойын: «Заттың атын ата» К-№ 6** **Мақсаты:** Балаларға түстерді ажырата білуге дағдыландыру. ***(сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)***

	қатардағы заттардан бала артығын табады. **(*сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникатив-тік қызмет)***				
Балалармен жеке жұмыс	Абдрахман**«Шалқан »** ертегісін мазмұндату. *(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтікқызмет)* Арнұр «шалқанның» суретін боятқызу. *(сурет салу-шығармашылыққызмет)*	Мейіржанға топтың әр бөлмесіндегі заттарды атап айтқызу. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, қоршаған ортамен танысу-танымдыққызмет)* Ерсұлтанға «үстел мүсіндету. *(мүсіндеу-шығармашылыққызмет)*	«Менің жан досым» туралы әңгіме. **Мақсаты:** ауладағы досы туралы қысқаша әңгіме құрастыра білу. *(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтікқызмет)* Айзере-жапсыру. «Досыма арналған доп» *(сөйлеуді дамыту, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылыққызмет)*	Алихан қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Балабақша суретін бояу. *(сөйлеуді дамыту, сурет салу-коммуникативтік, шығармашылық қызмет)* Батырхан-пазл жина (өзіндік қызмет)	Гулизат **«Күз» туралы өлеңді қайталату Мақсаты:** өлеңнің сөздер таза айтуға үйрету, артикуляциялық аппаратт дамыту. *(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет* Нурислам-жеке жұмыс Күзгі жапырақтарды ақ қағазға жапсыру *(жапсыру-шығармашылыққызмет)*
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішін салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)***				
Серуен	**«Кептерді қуып жет» К №-1** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын	**К №-2 «Түсті автокөліктер»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)* **«Ақ қоян» К №-3** **Мақсаты:** балаларды	**Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру,	**К №-5 «Жапалақтар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке,

	арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*	жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықта-рын, белсенділіктерін арттыру. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*	жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*	бақылау зерттеу іс-әрекеті) **К-№ 4 «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*	шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. *(ойын қызметі)*
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	**Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**				
	Ата-аналарға кеңес: **«Балабақшадағы баланың киімі»**	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналарға кеңес: **«Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын тәрбиелеу»**	Ата-аналарға кеңес: **«Баланың тілі қалай дамиды?»**	Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу.	Ата-аналарға кеңес: Психолог:**«3-4 жастағы балалардың даму ерекшеліктері»**

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Балнұр» б/б
Топ: «Болашақ»тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09-15.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бал денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
	Күн тәртібін еске салу. «Менің сүйікті ойыншығым» **Мақсаты:** өзіңін сүйікті ойыншығын сиппатай білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту— коммуникативті қызмет)***	Ауа-райына сай киіндіру. «Бүгін ауа-райы қандай? **Мақсаты:** Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайының /жаңбыр, тұман, / бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту— коммуникативті қызмет)***	**«Сен не киіп келдің?»** **Мақсаты:** Киім атауларын дұрыс айтады. Сөйлем құрастырады. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтығады. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу— коммуникативтік,әлеуметтік қызмет)***	«Күз» мезгілі туралы әңгіме ***(сөйлеуді дамыту— коммуникативті қызмет)***	**«Балақай, балабақшаға кіммен келдің?** **Мақсаты:** Үйдегі жақындарын атап айтқызу, балабақшаға немен келді, айналасында қандай өзгерістер байқағаны туралы айтқызу. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу— коммуникативтік, әлеуметтік ызмет)***
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-	**Үстел үсті ойыны:** «Ретке келтіру» **Мақсаты:** балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. *(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)*	**Үстел үсті ойыны:** «Домино» Жабайы жануарлар. **Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлары туралы білімдерін бекіту: піл, түлкі, аю т.б.жануарлардың ерекшеліктерін атап өту. *(қоршаған ортамен*	**Үстел үсті ойыны:** «Түрлі түсті дөңгелек» **Мақсаты:**балаларды түстерді салыстыра білуге, білім мен түстер жүйесін нығайтуға үйрету. *(математика негіздері-танымдыққызмет)*	**Үстел үсті ойыны** «Түрлі түсті пирамида» **Мақсаты:** шаманы қабылдауды дамыту. *(математика негіздері-танымдық қызмет)*	**Үстел үсті ойыны «Жақсы және жаман деген не?»** **Мақсаты:** қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету.

әрекеттер)		*танысу-әлеуметтік қызмет)*			*(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)*
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА № 3 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ(затпен орындалады)** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Су, су менің бетімді жу. *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)* **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				

дайындық	**Саусақ жаттығуы: «Ағаш»** Аулада ағаш жайқалады Жап-жасыл оның жапырағы. (сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен таныс –коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)	**Саусақ жаттығуы: «Саусақ санау»** Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсет отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек, Кішкенебөбек. Бала қозғалыстардықайталайд *(дене шынықтыру-денсаулық қызметі)*	**Саусақ жаттығуы «Саусақтар жүреді»** Саусақтар жүреді. Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері– коммуникативтік, танымдық қызмет)	**Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым»** Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен (сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен танысу – коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)	**Саусақ жаттығуы: «Гүл»** Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктер Ашылады әдемі. *(сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен танысу – коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)*
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** бір-біріне допты домалату(аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпенептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының бағытын сақтауды үйренуге	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** бір-біріне допты домалату(аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпенептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар**: сызық үстінен екі аяқпен секіру, кедергілер арасынан жүру және жүгіру. **Міндеттері:**екі аяқпен сызықтан секіруге үйрену. Кедергілер 1 28 арасынан жаяу жүріп және жүгіріп өту дағдысын бекіту,ептілікті жетілдіру. Шектелген алаң үстінен жүргенде тепе-теңдікті	

		қалыптастыру. Екі аяқпен епті лікпен секіруге жаттығу (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп секіріп, аяқты алшақ не бірге қойып секіруге жаттығу. Көзбен өлшеуді, зейінін дамыту, үйлестіру қабілетін арттыру, мейірімділікке, спортзалдағы тәртіпке тәрбиелеу. **Қимыл қозғалыс ойыны К-№ 3** «Ақ қоян» **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. ***(дене шынықтыру-денсаулық қызметі)*** **Қазақ тілі** **Менің достарым** Балаларды достарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету. Түрлі-түсті суреттер. **«Дос болайық бәріміз» ойыны**	бағытын сақтауды үйренуге қалыптастыру. Екі аяқпен епті лікпен секіруге жаттығу (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп секіріп, аяқты алшақ не бірге қойып секіруге жаттығу. Көзбен өлшеуді, зейінін дамыту, үйлестіру қабілетін арттыру, мейірімділікке, спортзалдағы тәртіпке тәрбиелеу. **Қимыл қозғалыс ойыны: К-№ 4** «Қасқырлар мен лақтар» **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, епті лікке тәрбиелеу. ***(дене шынықтыру-денсаулық қызметі)***. **Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**	сақтауды жетілдіру. Балаларды бір-бірін қадірлеу, өзара жайлы қарымқатынас орнатуға тәрбиелеу, зейінін дамыту. Жаракаттанудың алдын алу. **Қимылды ойын:** «Допты домалат». **Мақсаты:**допты саусақтарымен епті, шапшаң қозғау арқылы домалата білуді бекіту	
	«Ормандағы сұр көжек» әңгіме *(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)*	**«Ала мысық» өлеңі** **Мақсаты:** Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету.Сөйлеу барысында дауыс	**«Күз келді» әңгіме** *(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)* **Қастек Баянбаевтың**	**Ғ.Қайырбеков «Алтын күз» өлеңі** **Мақсаты:** Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету.Сөйлеу	**«Күзгі ағаштар» әңгіме** *(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-*

